

АХМЕТ ЯССАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ЭКЗИСТЕНЦИАЛЫҚ СИПАТЫ

Н.Ж. Сарсенбеков

АННОТАЦИЯ

Мақалада салыстырмалы зерттеу әдістерінің көмегімен терең тамырланған түркілік сопылық бағытын қалыптастырушы Ахмет Яссауидің «Диуани хикметтеріндегі» экзистенциалық ұғымдар талданады. Хикметтердің экзистенциалық сипатын ашу мақсатында: уақыт пен болмыстың бірлігі мен күресі, Жаратушыға риясыз ғашықтық, сондай-ақ, өмір мен өлім феномені іспеттес метафизикалық мәселелер жинақталып, зерттелді.

Хикметтердің мазмұны діни тұрғыда уағыздық бағыттағы және қазақ даласында дамыған көшпелі өркениеттің қағидаттарына толы экзистенциалық түсініктерге толы. Себебі, Хикметтердің негізгі мақсаты діни бағытта болғанымен, Жаратылыс және адам болмысы, Өмір һәм өлім, адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, ар-ұждан сияқты экзистенциалдар жиі кездеседі. Хикметтердің негізгі ұстанымы - Ислам әлеміне тура жол ашу әрі «Кәміл мұсылман» қалыптастырудың тәсілдерін алға тарту. Даналық кітабының тұжырымдамалары - экзистенциалық дағдарысқа ұшыраған жандар үшін трансцендентті қайшылықтардың аражігін ашудың тәсілі. Өмірдің мәнін түсіне алмай, экзистенциалық тоқырауға ұшыраған жандар үшін, шынайы өмірдің Мәнін түсіндіруде Ахмет Яссауи хикметтерін қолдану ұсынылды.

Түйін сөздер: Яссауи дүниетанымы, экзистенциалық категориялар, адамгершілік, шынайы Ғашықтық, Адам болмысы, мән, өмір мен өлім феномені.

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Автор-корреспондент:
Сарсенбеков Н.Ж.,
nsarsenbekov@bk.ru

Мақаланың сілтемесі:
Сарсенбеков Н.Ж. Ахмет
Яссауи хикметтерінің
экзистенциалық сипаты //
Адам әлемі. – 2021.
– No. 4 (90). – Б. 43-52.

Экзистенциальный характер хикметов Ахмета Яссауи

Аннотация. В статье с помощью сравнительных методов исследования анализируются экзистенциальные концепции в произведении Ахмета Яссауи, основателя глубоко укоренившегося тюркского направления суфизма. В этом контексте в статье были собраны и исследованы следующие метафизические проблемы, такие как единство и борьба времени и бытия, бескорыстная привязанность к Творцу, а также феномен жизни и смерти.

Содержание хикметов-экзистенциальные представления религиозной проповеднической направленности, наполненные принципами кочевой цивилизации, развитой в казахской степи. Хотя основная цель Хикметов религиозная, часто встречаются такие экзистенциалы, как бытие Творца и проблемы человеческого бытия, жизнь и смерть, нравственность, справедливость, ответственность, совесть. Основная позиция хикметов - указать прямой путь в Исламский мир и предложить способы формирования «Истинного мусульмана». Концепции книги мудрости - это способ раскрытия трансцендентных противоречий для тех, кто находится в экзистенциальном кризисе. Для тех, кто не может понять смысл жизни и находится в экзистенциальном застое, рекомендовано использовать хикметы Ахмета Яссауи

для объяснения смысла реальной жизни.

Ключевые слова: мировоззрение Яссауи, экзистенциальные категории, нравственность, истинная Любовь, бытие человека, сущность, феномен жизни и смерти.

The Existential Nature of the Hikmets of Ahmed Yassawi

Abstract. This article analyzes existential concepts in the work of Ahmet Yassawi "Diwani hikmet", which forms the Sufi direction of the deeply rooted Turkic civilization, using comparative research methods. In this context, the article collected and investigated the following metaphysical problems, such as the unity and struggle of time and being, disinterested attachment to the Creator, as well as the phenomenon of life and death.

The content of the Hikmet is an existential representation of a religious preaching orientation, filled with the principles of a nomadic civilization developed in the Kazakh steppe. Although the main goal of the Hikmet is religious, there are often such existentials as the existence of the Creator and the problems of human existence, life and death, morality, justice, responsibility, conscience. The main position of the Hikmets is to point out a direct path to the Islamic world and suggest ways to form a "True Muslim". The concepts of the book of wisdom are a way of revealing transcendental contradictions for those who are in an existential crisis. For those who cannot understand the meaning of life and are in existential stagnation, we decided to use the hikmet of Ahmet Yassawi to explain the meaning of real life.

Key words: Yassawi's Worldview, Existential Categories, Morality, True Love, Human Existence, Essence, The Phenomenon of Life and Death.

Кіріспе

Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы құбылыс - тіршілік. Тіршілік – Адам болмысын қалыптастырудың жалғыз, абсолюттік мүмкіндігі. Адам тіршілік ете отырып, өмірдің мәні туралы ойларын, ұстанымын қалыптастырады. Тіршілік - адамға берілген болмыс, ал болмыстың мәні - адамның осы болмыстың барлық көріністерінен Мән іздей отырып, саналы ғұмыр кешуінде. Экзистенциалық ағым осыны меңзейді.

Адамның экзистенциалын құрайтын категориялар философияда кеңінен талқылануда. Олардың қатарына адам Болмысын құрайтын мінездерді жатқызамыз. Яғни, БОЛМЫС, АДАМГЕРШІЛІК, ҰЖДАН, НАМЫС, ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҮМІТ... Бұлар, Адам өмірінің мәнін айшықтай түсетін экзистенциалық генезистер. Ахмет Яссауи бабамыздың хикметтерінің де адамды Адам ретінде қалыптастырар концепциясы, квітэссенциясы осы. Яғни, экзистенциалдар арқылы

«Кәміл мұсылман» (концепциясын) тұжырымдамасын қалыптастыруында.

Ұлы Тұран өңірі әлемдік ғылымға үлес қосқан қанша танымал ғұламаларды дүниеге әкелген топырақ. Асылында, Ахмет Яссауи діни-энциклопедиялық білімнің білгірі, сопылардың сұлтаны. Бұл оның «Диуани хикметтерінде» айқын көрінеді. Қожа Ахмет ең әуелі адамды сүйіп, адамды құрметтеп, адамға аса бір мейірімділік танытқан жалпыадамзаттық қағиданы ұстанды. «Диуани Хикметтің» мазмұны осы қағиданы дәріптейді. Адамға мәнді өмірдің жолдарын көрсетуге Яссауиді жетелеген осындай сүйіспеншілік сезім еді.

Адам болмысы – адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі жан дүниесін де көріктендіріп тұратын көркем мінездер жиынтығы. Ахмет Яссауи хикметтерінде осы мәселе түбегейлі шешімін тапқан. Бұл, бір есептен өмірмәндік сауалдардың шешімін шығарар құндылықтар жүйесі. Ендеше, өмірден мән іздеген жандар үшін Ахмет Яссауидің «Хикметтеріндегі» экзистенциалдарды талдап көрелік.

Әдіснама

Адам өмірінің мәні мен мағынасы турасындағы мәселелерге терең аксиологиялық әрі феноменологиялық талдау жасалды. Экзистенциалық толғаныстарды талқылау мақсатында герменевтикалық әдіске баса назар аударылды. Экзистенциалық дағдарыстарға терапия ретінде футурологиялық сипат берілді. Хикметтерді философиялық тұрғыда зерттеу адам болмысы мен өмірдің мәні туралы гносеологиялық сауалдарды толыққанды зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл өзін-өзі тануға ұмтылған субъективті ізденістерге метафизикалық тұрғыда жауап берудің тәсілі. Ахмет Яссауидің «Диуани хикметтерін» талдауда Қ.Қари, Ғ.Қамбарбековалардың топтастырып, қазақ тіліне аударған Хикмет жинағы пайдаланылды.

Яссауи танымындағы «болмыс пен уақыттың» бірлігі мен күресі

Ахмет Яссауи тақуалықтың әлемдік деңгейдегі ең жоғарғы формасын жүзеге асырған түркілік сопылардың рухани пірі. Ол орта ғасырлық Түркі дүниесі философиясының адам және оның өмірін мұсылмандық шарттармен тоғыстыра білген сопылардың Сұлтань. XI-XII ғасырларда түркі топырағында дүниеге келген данышпанның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге ұзақ жылдар бойы тыйым салынып келгені және оның өзіне діншіл, мистик, зиянды көзқарас иесі деген айдар тағылғаны белгілі. Біздің міндетіміз - ғұламаның адам өмірінің мәні туралы ойларына үңілу, экзистенциалық қырын көрсету.

Яссауи дүниетанымын зерттеуші ғалым Ибрагим Калын ойшылдың танымдық әрекетін былай деп сипаттайды: «Уақыт пен кеңістікке, адам мен ғаламға метафизикалық тұтастық ретінде тоқтала отырып, Қожа Ахмет Яссауи әлемнің бейнесін онтологиялық және эпистемологиялық құрылымда қарастырған кезе ғана нақты пайымдау

мен даналыққа, шындық пен құтқаруға қол жеткізетінін айтады» [1, 2]. Ислам дінінің әлсірей бастаған тұсында Яссауи Диуани хикметтерін жарлау арқылы, Ислам әлемін қайта жаңғыртып, түркі әлеміне паш етті. Діннің адам экзистенциалын қалыптастырудағы рөлі ерекше. Себебі, дін нормалары арқылы адам өз бойындағы теріс қылықтардан арылады. Жүрегінде иманы бар адам надандықтың қас жауы. Дінсіз адам бассыздыққа (вседозволенность) бой алдырады. Яссауи діни адамгершілік арқылы осы мәселелерді талқылайды. Ол – экзистенциалық ұстанымға бағытталған рухани тазару, адам жаны туралы ілім, өз болмысына үңіліп, кемелдікке жеткізетін Ар ілімі.

Отандық ғалым Г.Ж. Нұрышева былай деп өрбітеді: «Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанда көп тараған ағымы сопылық ілім осы Қожа Ахмет Яссауидің есімімен тығыз байланысты. Суфизм - ислам дінінің рухы, мәні, сананың өсуінің, жан тазарып, ар-ұят оянуының, рухани жетілудің белгісі, арлы, адал болу, алланы сүю, адамды сүю» болса, Ясауи осы сопылыққа жеткен бірден-бір ойшыл. Ол суфизмнің ең биік сатысына өзі жетіп қана қойған жоқ, басқаларды да жеткізуге тырысты, осы мақсатпен әйгілі «Диуани Хикмет» кітабын жазды. Ақыл, даналық кітабы деп аталып келген бұл еңбекті араб, парсы тілдерінде жазылған құран мен мұсылман діні қағидаларын түркіхалықтарына таныстыратын туынды деп қарау жеткіліксіз. Біз Ясауидің мақсаты тереңірек - адамға оның адами міндеттерін түсіндіру, өмірге келгендегі мақсатын анықтау, оның жүрегі мен рухын ояту деп түсінеміз» [2, 74 б.].

Экзистенциалық категориялардың арасында шоқтығы биік категориялардың бірі - БОЛМЫС. Болмыс, Адам Затын қалыптастырар МӨН. Ұждан, ұят секілді абзал мінездің болуы да осы адамның Болмысы-Мәнінен. М.Хайдеггерше талқыласақ, Ұят-Болмыстың, Мәннің шақыруы. Дегенмен, Болмыстың-Мәннің қалыптасуы тікелей Уақытқа

тәуелді. Уақыттың үш модусында, яғни өткені, қазіргі һәм келер шақтың арақатынасында адам өзін қалыптастырудың түрлі фазаларынан өтеді. Бұл - диалектикалық заңдылық. Яссауише талдасақ:

Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,

Әр сыр көрсе, пердеменен бүркеп жапты.

*«Биһамдилла, көрдім» деді, ізімді өпті,
Сол себептен алтыс үште кірдім жерге, - десе, енді бірде*

Жасым жетті жиырмаға, өттім мақам,

Биһамдилла, пір қызметін қылдым тәмам.

*Дүниедегі құрт, құстар салды сәлем,
Сол себептен хаққа жуық болдым ғой мен /2 хикмет/, - деп, өз болмысының қалыптасуы уақыттың арналарымен тікелей байланыстылығын баяндайды.*

Бар болудың (присутствия - автордан) экзистенциалық-онтологиялық құрылысы уақытқа тікелей тәуелді және соған негізделеді. Сондықтан, уақыт болмыстың көкжиегі ретінде түрлі модус-тарда шешуші кезеңді атқарады.

Кез келген өмір сияқты, адамның тіршілік етуінің өзі де уақытта өтеді. Бұдан басқа, УАҚЫТ сол немесе өзге объектінің дамуында кезеңдерді белгілеуге мүмкіндік береді, мысалы: балалық-ересектік-жас өспірімдік, кәметтік-қарттық - өлім – осы фазалардың барлығының өзінің уақыттық рамкалары бар. Уақыт - барлық тіршілік ету, өзгеру және даму процестері сипаттамаларының құрама бөлігі, бірақ онымен сәйкес келмейді. Уақыт ештеңе өндірмесе де, барлық қатынастар – уақытта [3].

6-шы хикметте Яссауи уақыт пен өз болмысының ұштаспағанын өкіне жырлайды:

*Елуімде ермін дедім - іс дәрменсіз
Қан төкпедім көздерімнен
бауырымды езіп*

*Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп
Заты ұлық ием, сиынып келдім саған.
Мән-тіршілік етуден кейін барып*

қалыптасады. Адам тіршілік ете отырып, мәнді қалыптастырады, түсінеді. Ахмет Яссауи де, өмірлік жолды қияып өте отырып, мәннің «мазмұнын» ашқанын осылайша баяндайды. Мысалы, көрнекті экзистенциалшыл М.Хайдеггер өзінің «Болмыс пен уақыт» еңбегінде адам болмысының УАҚЫТҚА тікелей тәуелділігін тағы бір мәрте былай көрсетеді: «DASEIN» ұғымының мәні де осыған меңзейді. М.Хайдеггер дүниетанымындағы Адам болмысының дәл қазіргі жағдайда көрініс беруі, өміршеңдігін бейнелейтін «DASEIN» ұғымы болмыс пен уақыттың диалектикалық байланысын көрсете отырып, бір-біріне тәуелділігін де дәлелдейді. Батыстан келген экзистенциалистік бағыт қазақы дүниетанымды толықтай ашып көрсете алмаса да, қазақтың «БАР БОЛ!» бата-ұстанымымен тепе-тең. Адам баласы, өзіне берілген уақыттың қадірі мен оның өлшеусіз сый екенін уақытылы түсінуі-Адамдық болмысты қалыптастырудың алғышарты. Яғни, «БАР БОЛУЫ». Бұл, бойында бар ерік-жігеріңді жұмсай отырып, бар мүмкіндігіңді жүзеге асыруды аңғартады. Үнемі «БАР БОЛ!» түсінігін күнделікті бата-тілек, ұстаным ретінде қолдануды жөн санаған дана қазақ мұндайда: «БОЛСАҢ-ОТ БОЛ!» «ЖАЛҒАНДЫ ЖАЛПАҒЫНАН БАС» немесе «ЖЫҒЫЛСАҢ НАРДАН ЖЫҒЫЛ» деп, батылдық танытуды ұсынады. Шәкәрімше жырласақ:

Қайтадан қайырылып, қауымға келмейсің,

Барыңды, нәріңді, тірлікте бергейсің, - деп, уақыттың, ғұмырдың бір рет қана берілетінін, Адам өз болмысын қалыптастырып, дәлелдеу үшін мүмкіндіктің шегіне жете отырып, пайдалануды, уақыттың қол сермеуге үндейді. Адам өмірі өлшеулі, кезең-өтпелі.

Сопылардың түсінігінде «Кемел адам - өзінің құдаймен тұтастығын толық жүзеге асырған, яғни Алланың сипаты мен бейнесін қабылдап, оған бүгіндей ұласқан адам» [4]. Кемел адам дәрежесіне жету оңай емес, бірақ жетілу мүмкіндігі барлық адамдарда бар. Жету-

жетпеу әрбір адамның өзіне байланысты. Ал ең жетілген, абсолютті кемел адам Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен ілімін Қожа Ахмет өзіне үлгі ретінде ұстанды, оның ізін өзі де қайталады және басқа адамдарға да ұсынды. Кемел адам болу жолы - сопылық, алладан басқаны мойындамай, дүниені, бала-шағаны, нәпсіні тәрк етіп, тақуалық жолына түсу. Ол үшін ең әуелі жүректі оятып, Алланы сүю, оған деген махаббат тудыру қажет, ал оның негізінде аллаға деген сенім жатыр.

Адам тіршілігінің мәні туралы көне гректерден бастап бүгінгі экзистенциалдық ағымдарды мазалаған сауалдарға Яссауи өзінің өмірі мен ілімі арқылы осылай жауап берді.

Түркістандық даналардың пірі саналған Қожа Ахмет Яссауидің даналығы - даналар салған сара жолда кездесетін ең бағалы аялдамалардың бірі. Оның даналық мұрасын еске түсіру ол, әрине, қараңғылық пен қатыгездіктен зардап шеккен біздің әлемдегі жолымызды жарықтандырады және ақиқатқа неғұрлым көбірек халықтың жетуіне мүмкіндік береді [5, 6].

Аллаға ғашықтықтың атрибуттары

Ғашықтық - Болмыстың шынайылығы, өмірдің Мәнін анықтаушы фактор. Болмыстың Ақиқаты. Абсолютті шындық.

Яссауи Аллаға ғашық болудан бұрын Алла жолына енудің әдістерін ұсынады:

*Шариғатсыз дәм бұйырмас
тариқаттан,*

*Тариқатсыз дәм бұйырмас
мағрипаттан.*

*Мағрипатсыз дәм бұйырмас
хақиқаттан –*

*Баршасын да шариғаттан сұрамақ
керек.*

*Одан соңыра бір керегі - қайрат, жігер,
Рұхсат алмай піріңнен ол да бекер.*

*Шариғатта сәттілік қой бір керемет,
Сондай ердің етегінен тұтпақ керек.*

*Қайратсыз жан осы жолға кірмейді ғой,
Инабатсыз - жолға қадам баспайды
ғой.*

*Рұхсатсызда тіпті тыныс алмайды
ғой,*

*Мүридтерде осы сипат болмақ керек
/92 хикмет/.*

Демек, шынайы ғашық болудың алғышарты болып табылатын қасиеттер бар. Бұл ғашық болуды толықтыратын экзистенциалық категориялар. Бір жағы – қазақ халқының өмірлік философиясы. Себебі, мінез түзелмей, Аллаға кәміл ғашық болудың мүмкінсіздігін 95-хикметте айғақтай түседі:

*Нақұрыс, сараң, дінсіз құлдар болды
хакім,*

*Менмендігі шектен асып, болды
залым.*

*Ел ішінде қор болды ғой дәруіш, ғалым,
Жұртқа сүйеніш болмай кәпір болды,
көргін.*

*Кеңілдерді тұтты бүтін қараңғылық,
Бізге көру жоқ қой енді бір жарықтық.
Жолдан азып шариғатты бас
тұтпадық,*

Мұсылмандық тек аты қалды, кергін.

*Діннен безген сараңдардың қапері жоқ,
Дүние малын жиып, ешбір тояры жоқ.
Өзінше - алып, өлімнен еш хабары жоқ,
Олар тұтқан діні - дүние болды,
кергін.*

Яссауи өзінің діни-мистикалық даналығымен абсолютті моральдық ізгіліктерді, теңдікті, әділеттілікті және ізгілікті қорғап, Қараханидтер мемлекеті мен оның аға әкімшілерінің сыбайлас жемқорлықтарын сынға алды. Мұндай қозғалыстар мистицизм деп аталатын болса да, прогрессивті болды, өйткені, адамдардың басым көпшілігінің тілектерін, талаптары мен мүдделерін білдірді. Себебі, көптеген адамдардың ерік-жігерін, талаптары мен қажеттіліктерін көрсетті [6].

Ақыл – жол көрсетер күш. Түркі-мұсылман ойшылдарының ой-пікірлерінен кеңінен орын алған, «ақыл –

білім – жүрек» одағына қондырылған ізгілік ілімінің бір қарапайым белгілері Яссауи хикметтерінен де орын алған. Түркі-мұсылман гуманистерінің ақыл мен білім одағына жүректі әкеліп қосу себебінің объективті себебі, қуалай келсек, ислам құндылығына әкеледі [7].

Құдай болмысы адамзат баласы үшін трансцендентті құбылыс. Ешқандай эмпирикалық тәсілдерге көнбейтін ең жоғарғы МӘН. Дегенмен, Алланың бейнесін тануды мақсат тұтқан сопы 70-хикметте былай деп жырлайды:

*Махаббат бақшасының бұлбұлы боп,
Тәңсәриде зар илеумен қонғым келер.*

*Сол уақытта жаратқанның
жамалын да,*

Көңіл көзімен анықтап көргім келер,
- деп, Алланың дидарын көруге асық болады.

Алланың болмысын тану. Ең жоғарғы БОЛМЫСҚА ұмтылыс. Алланың бейнесін тану үшін Жаратылыс бастауын еш риясыз, еш саудасыз жақсы көруді, оның дидарына Ғашық болуды ұсынады:

*Махаббаттың асасын қолға алып,
Бақыт тонын киіп тәнге салп.*

*Махаббаттың үніменен қанат-
танып,*

*Мағрипаттың бұтағына қонғым
келер,* - деп Алланың болмысына шексіз ғашықтықты, сөйтіп Кәміл мұсылмандықтың қасиеттерін нақтылайды.

Қожа Ахмет Яссауидің пайымдауынша, нәпсіні тиып, Алланы сүю жолына түскен адам рухани тазарады, сол арқылы өмірдің күйбең тіршілігінен жоғары көтеріліп, бойына имандылық, қанағат, адалдық, мейірімділік секілді адамгершілік қасиеттерді жинайды, сонда ғана шарифат, тариқат сатыларынан өтіп, хақиқатқа - аллаға ұласуға жетеді. Шарифат алланы сүю туралы білім, тариқат болса - адамның осы білімді жүзеге асыру жолындағы іс-әрекеті. Хақиқатқа жету қиын, бірақ оған ұмтылу, нәпсіні тиып, бойында аллаға махаббат пен имандылық қалыптастыру - әрбір мұсылманның міндеті [8].

Қожа Ахмет Яссауи халықтың ұлттық

салт-санасы мен дінді үйлестіре білді. Оның тұлғалық беделі мен ілімінің тартылыс күшінің мықтылығынан бүкіл түркі халқы Баба жолын жадында сақтап келеді. Қай заманда да халық оның басына құран оқып, кесенесін зиярат етті. Ал исламды жамылған жат ағымдарға салсаң, Яссауидің ілімін де, кесенесін де тас-талқан етіп, жер бетінен сыпырып тастағысы келеді. Өйткені, Яссауи тұрғанда өздерінің пиғылының ешқашан іске аспайтынын жақсы біледі, қазақ халқының санасын торлап, ұлт ретінде жойып жібере алмайды [9].

Кез келген Болмыстың феномені тек шексіз махаббат орын алғанда ғана ашылмақ. Шексіз махаббат арқылы ғана заттың ішкі Мәнін танымақ. Бұл гносеологияның талабы. Демек, діни танымға келгенде, Яссауи скептикалық екіұдайылықты сейілткен рухани ұстаз. Абайша талқыласақ:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті.*
Ал, Яссауи 69-хикметте былай насихаттайды:

*Ғашық болсаң, көз жасыңды төгіп
жүргін,*

*Баязидтей дүние қызығын тыйып
жүргін.*

*Адамдайын тақ пен бақтан басым
тартып,*

*Жәрдемберсең, дүниеқызығын тепкім
келер,* - деп, Аллаға ғашық болудың ең жоғарғы формасын ұсынады. Яссауи мен Абай әлемінің ұқсастығы көп. Бұл олардың РУХ ұқсастығында жатыр. «Рухы ұқсастар оңай тіл табысады».

Өмір мен өлім феномені

Ахмет Яссауи хикметтерінде өмір мен өлім феноменінің мәні айрықша. Нәпсі – жамандықтың, рух – жақсылықтың бастауы. Нәпсі мен рухтың қатар өмір сүруі мүмкін емес. Бір қынға екі пышақтың сымайтындығы іспеттес. Рухтың тіршілік етуі-нәпсіден арылу міндет. Өмірдің мәні рухтың кіршіксіздігінде, көңіл айнасының тазалығында. Ахмет

Яссауи Хақтан басқа барлық дүниеден баз кешуді, сол арқылы шынайы өмір мәнін ұғынуға шақырады. Оның пайымдауынша, шынайы өмірдің мәні - рухтың үстемдігінде. Егер, рух үстем болған жағдайда, адам өмірдің мәнін ұғынауға қабілетті. Мәңгіліктің мәніне жетуге мүмкіндік алмақ. Ал, нәпсінің жетегінде кеткендер үшін өмірдің мәні жоқ, тек уақытша қызық болмақ.

Ақыл - иманның сақшысы. Ақылды да иманы берік адам ешбір қиянатқа, жамандыққа, жауыздыққа баспайды. Адамды арсыз, арбау дүниеден ажыратып алар тек ақыл мен иман. Сол себепті хикметтердің де мазмұны имандылықты, ақылдылықты, әділет, адалдықты, бір сөзбен айтқанда, адамгершілікті өзек етеді.

Хикметтерде өмір ойын мен сауықтан тұратынын жазады. Дүние - бұл ойын, ойын-сауық, әшекей және бір мағынасында адамдар арасындағы жарыс. Осыған байланысты ойынға көп уақыт жібермей, бүкіл өміріңізді ойын-сауықпен өткізбеу керек [10].

Ақиқат Аллаға жету мақсатында ғұлама ойшыл өмірден өз еркімен бас тартады, өз өмірін бір емес, сан рет құрбан етеді, өлім мен өмір арасындағы мәңгілік тартысты өзінше шешеді. Нағыз сопылық дегеніміз - осы. Адам тіршілігінің мәні туралы көне гректерден бастап бүгінгі экзистенциалдық ағымдарды мазалаған сауалдарға Ахмет Яссауи өзінің өмірі мен ілімі арқылы жауап берді.

Адам ғұмырының экзистенциалық қырын мағынасын ашатын құбылыс-ӨЛІМ. Өлімнің феноменін ашу арқылы, өмірдің Мәнін сезінуге жол ашамыз. Өлімнің феномені неде? Адам-өлім орын алған кезде ғана өмірдің МӘНІ туралы ой елегінен өткізе бастайды. Жақыны қайтыс болғанда екі дүниенің байланыстырып тұрған ажалдың феноменін сезінеді. Қорқыныш сезімі арқылы өз өміріне деген жауапкершілігі қалыптасады. Өмір мен өлңмнің ортасында қалғанын түйсінген адамда

«шекаралық ахуал» пайда болады. Бар ғұмырын сараптауға, ақ-қарасын айыруға мүмкіндік алады. Демек, ӨЛІМ-өмірдің мәнін түсіндірудің тәсілі. Себебі, бардың қадірін түсіндіретін -ЖОҚ. ЖОҚ арқылы БАРДЫҢ қадірін түсіну табиғи заңдылық. Адам үшін қазіргі жағдайда өмір сүріп отырған дүниесі Тіршілік-БАР болса, ӨЛІМ-ЖОҚ болып табылады. Демек ӨЛІМ-ЖОҚ ретінде ТІРШІЛІКТІ-БАРДЫ түсіндіретін құбылыс. Бірақ, Яссауи өзінің хикметтерінде тіршіліктің мәнін тек ӨЛІМ-ЖОҚ арқылы ғана емес, ТІРШІЛІКТЕ-БАР болып тұрған шақта түсіне білуді үндейді:

*Бір күні жетіп уақты жуық келсе,
Саған, маған асыл отан үкім етсе.
Өлмей тұрып жан азабы уын тартса,
Қай бетіммен құзырына барамын
мен /12-хикмет/.*

19-хикметте:

*Өмірім ақыр болғанда не қылғаймын,
Құдайым,*

*Жан алушы келгенде не қылғайым
Құдайым.*

*Жан берерде Әзәзілдің оғынан,
Шапқат сенен болмаса, не қылғаймын
Құдайым.*

*Жан бермек іс қиын-жеңіл қылғай, уа
жаппар,*

*Сенен өзге жоқ қамқор, не қылғайым,
Құдайым.*

*Жаным ұшып кеткенде, тәнім мұнда
қалғанда,*

*Сый мен тарту алғанда, не
қылғайым, Құдайым, - деп өлімге алдын-
ала дайындалады. Ары қарай 26-шы
хикметте түйіндейді:*

*Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,
Алпыс үште сүндет деді естіп
білдім.*

*Жер астында бар жаныммен құлдық
қылдым,*

*Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа
Ахмет.*

*Ей мүміндер, бұл дүниенің ақыры жоқ,
Шын өлерсің әркез мұның жалғаны
жоқ.*

*Кім білмесе, оның да иманы жоқ,
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа
Ахмет.*

Соған қарағанда өзгелердің өлімі әсерлірек болуы мүмкін. Бар болудың соңы «объективті» тұрғыда қолжетімді. Бар болу, өзгелермен оқиғаларда бірге болғанымен, ажал тәжірибесін иеленуге қабілетті. Өлімнің «объективтілігі» - «бар болудың» тұтастығын білдіріп, оны онтологиялық тұрғыда сипаттауға мүмкіндік береді [11, 121 б.].

93 хикметте:

*Ғұмырың ақыр болған соң бір күн
тәмам,*

*Осы күймен барсаң егер дәрассалам,
Халал емес, еткен болсаң өңкей
харам,*

*Бар азабын сонда барып татпақ
керек.*

*Құл Қожа Ахмет, тауба қылғын өлмес
бұрын,*

*Қызыл жүзің көрде жатып солмас
бұрын,*

*Жылан-шаян көр ішіне толмас бұрын,
Қаза қылса риза болып тұрмақ керек.*

Экзистенциалық тақырыпқа қалам қозғап жүрген ерттеуші Санжар Керімбай Өлім феноменін былай талқылайды: «Экзистенциалистер ӨЛІМ факторын қайырлы қырынан көреді. Онымен бетпе-бет келу адамды шаңдайды. Соның арқасында индивид дараланып, тұлғаланып, ойсыз тобырдан бөлініп шығады» [12, 170 б.].

Қожа Ахмет Яссауи - Ислам суфизмінің ажырамас бөлігі. Бұл жолдың негізгі қағидаттары: шәкірттің ұстазына деген құрметі, әділдік пен кәміл берілу, Құдайды мойындау, жомарттық, иман және үңілу (созерцание) [13, 347 б.]. Бұл, өз кезегінде трансцендентті Мәнге деген ұмтылыс. Әлбетте, Мұндай ізгі қасиеттерді эмпирикалық тұрғыда зерттеп-тануға қауқарсызбыз. Дегенмен, оған ұқсап бағу - міндетіміз.

Яссауи дүниетанымында өлімнен қорқу деген ұғым жоқ. Керісінше, Өмірдің Мәнін түсіне отырып, өліммен

бетпе-бет кездесуге деген дайындық анық байқалады. Себебі, түркі түсінігінде ӨЛІМ деген ұғым жоқ. Керісінше, ҚАЙТТЫ дейді. ӨЛІМ ұғымы Еуропалық дәстүрден келген түсінік. ФӘНИ мен БАҚИдың арасы ӨМІРдің өту жолы. «Екі дүниенің әбиұрын берсін» деген бата-тілектің мәні содан. Бұл, Түркі әлемі қалыптастырған дәстүрден туындаған метафизикалық қағиданың нәтижесі. Ахмет Яссауи ұстанымы да осыны меңзейді:

*Ей, мүміндер, бұл дүниенің ақыры
жоқ,*

*Шын өлерсің, әркез мұның жалғаны
жоқ.*

*Кім білмесе, оның да иманы жоқ,
Естіп оқып жерге кірді Құл Қожа
Ахмет /26 хикмет/.*

Демек, Адам баласы Жоғарғы Мән ретінде тағдырдың жазғанын ой елегінен өткізе отырып, Адами Болмысын тануға ұмтылған гносеологиялық әрекеттегі жанның рухани ізденісі. Яғни, трансценденттік жүйедегі «Өзіндік заттың» ішкі мәнін «Біздік заттың» Мәніне жеткізуге деген ұмтылыс.

Қорытынды

Зерттеудің нысанына айналған Ахмет Яссауи хикметтерінің діни-экзистенциалық мотивын (сарынын) талқылай келе, хикметтердің пайдасы жөнінде төмендегідей қорытындыға келдік:

- Хикметтерде кездесетін экзистенциалдар мықтап бекіген қоғамда адамгершілік қағидасы үстем етпек;

- Яссауи хикметтері экзистенциалық дағдарыстың алдын алушы;

- «Кәміл мұсылмандық» Жарату-шыға шынайы Ғашықтықтан туындайды;

- Жоғары болмыс хәм адами болмыс туралы сауалдарға діни-экзистенциалық жауап алудың жолы.

15 ғасырда тұрғызылған Ахмет Яссауи кесенесі Түркістанның архитектуралық мұрасын жандандырып тұрған темірқазыққа айналғалы қашан. Десе де,

кесене тек сәулеттік мәдениеттің ғана емес, иісі ТҮРКІ халықтары тоғысатын тоғыз жолдың рухани торабы. Алапаты күн санап артуда.

Жалпыадамзаттық идеяны насихаттаған Ахмет Яссауи «Хикметтерінің» экзистенциалық сарынын ӨМІРМӘНДІК қағидатқа айналдыра білу - ұрпақтар еншісінде! Ойшылдың сөзімен қорытындыласақ:

*Менің хикметтерім хақтың мадағы,
Құдайдың дертті құлының дауасы.*

Менің хикметтерім шекер мен балдай,

*Сөздерім өтер теңдесі болмай
/134-хикмет/.*

Адамгершіліктің алтын діңгегі болар асыл мінездер - экзистенциализмнің бұлжымас категориялары. Яғни, адам БОЛМЫСЫН қалыптастыратын факторлар. Ахмет Яссауи хикметтеріндегі экзистенциалық идеяларды қазіргі замандық дүниетанымға сәйкестендіріп, адамның болмысын қалыптастырар діни-адамгершілік құрал ретінде пайдалану аса тиімді. Ахмет Яссауи хикметтеріндегі экзистенциалық идеяларды қазіргі замандық дүниетанымға сәйкестендіріп, Өмірмәндік сауалдардың жауабы ретінде жариялы пайдалану қисынды. Демек, Ахмет Яссауи хикметтері экзистенциалық кризиске шалдыққан жандар үшін, одан шығудың жолы! Сондықтан, Ахмет Яссауи хикметтері осы діни-адамгершілік ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, Адам болудың, Адами және өмірлік Мәннің рухын меңгерудің экзистенциалық жолдарын ұсынады. Оны танып, игеру бізге парыз!

Әдебиеттер тізімі

1 Kalin İ. Hoca Ahmed Yesevî, Hüküm ve Hikmet // Bilig. 80. Sayı – Kış, 2017. - 2 s.

2 Нұрышева Г. Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісі. – Докт. ғыл. дәреж. алу. дайын. дисс. автореф. - Алматы, 2002. - 174 б.

3 Көшпелі өркениет тарихындағы Қазақстан. [Электронды ресурс]. URL: https://ulagat.com/2020/07/12/%D0%BA%D3%A9%

D1%88%D0%BF%D0%B5%D0%BB%D1%96-%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B%

11 Хайдеггер М. Бытие и время. Пер. с нем. В.В. Библихина. - Харьков, «Folio», 2003. - 503 с.

12 Керімбай С., Төлеген М., Наби А., Тасболат А. Яссауи феномені. Отбасы христоматиясы. 2-басылым. - Алматы, 2021. - 170 б.

13 Kenzhetaev D., Tan M. Yassawi culture versus historical marxist dialectic // Türk kültürü ve Hacı Bektaş veli araştırma dergisi. - 2020. - 347 s.

Transliteration

1 Kalin İ. Hoca Ahmed Yesevî, Hüküm ve Hikmet [Khoja Ahmed Yesevi, judgement and wisdom]. Bilig. 80. Sayı – Kış, 2017. - 2 s. (in Tur).

2 Nuryшева G. Adam omiri mani maselesinin qazaq filosofijasyndagy korinisi. – Dokt. gyl. darezh. alu. dajyn. diss. avtoref. - Almaty, 2002. - 174 b. (in Kaz).

3 Koshpeli erkeniet tarihyndagy Kazakhstan [Jelektrondy resurs]. URL <https://ulagat.com/2020/07/12/%D0%BA%D3%A9%D1%88%D0%BF%D0%B5%D0%BB%D1%96-%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D1%8B%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81/> (in Kaz)

4 Nysanbaev A. Diuani Hikmet danalyq qazynasy [Diwani Hikmet treasures of wisdom] // Aqiqat. - 1998. - №7. - 32 b. (in Kaz).

5 Kalin İ. Hoca Ahmed Yesevî, Hüküm ve Hikmet [Khoja Ahmed Yesevi, judgement and wisdom] // Bilig. 80. Sayı – Kış, 2017. - 6 s. (in Tur).

6 Kenjetay D. Hoca Ahmet Yesevi'nin Düşünce Sistemi [The Thought System Of Teacher Ahmet Yesevi]. Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Yayınları. - 2003.

7 Abdigaliev L.I. Izigilik filosofijalyq uqym retinde [Virtue as a philosophical concept] // Al'-Farabi. - 2021. - № 1. - 13 b. (in Kaz).

8. Nuryшева G.Zh. Adam omiri mani maselesinin qazaq filosofijasyndagy korinisi [Manifestation of the Problem of the Meaning of Human Life in Kazakh Philosophy]. – Dokt. gyl. darezh. alu. dajyn. diss. avtoref. - Almaty, 2002. - 76 b. (in Kaz).

9 Myrzahmetuly M. Mangilik shamshyraq:

Сарсенбеков Н.

Jassau i limi men Abaj zholy [The Eternal Lighthouse: the teachings of Yassau i and the Way of Abai]. - 2016. 23 shilde. (in Kaz).

10 Alper A. Divan-i hikmet'te manevî ayet iktibasları [Citations of spiritual verses in Divan-i Hikmet]. Ahmet Yesevi Üniversitesi. Mütevelli Heyet Başkanlığı. – Ankara, 2020. - 281 (in Tur).

11 Hajdegger M. Bytie i vremja [Being and Time]. Per. s nem. V.V. Bibihina. - Har'kov:

«Folio», - (Philosophy), 2003. - 503 s. (in Russ).

12 Kerimbaj S., Tolegen M., Nabi A., Tasbolat A. Jassau i fenomeni [Yassawi phenomenon]. Otbasy hrestomatijasy. 2-basylym. - Almaty, 2021. - 170 b. (in Kaz).

13 Kenzhetaev D., Tan M. Yassawi culture versus historical marxist dialectic // Türk kültürü ve Hacı Bektaş veli araştırma dergisi. - 2020. - 347 s. (in Tur).

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Нурсултан Жумабекулы Сарсенбеков PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті

Нурсултан Жумабекулы Сарсенбеков PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Nursultan Sarsenbekov PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University